

**"Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі өнімді бөлу туралы келісімдер туралы"
" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 969 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі өнімді бөлу туралы келісімдер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы Теңізде мұнай операцияларын жүргізу кезіндегі өнімді бөлу туралы келісімдер туралы

Осы Заң тараптар мүдделерінің балансына қол жеткізу және Қазақстан Республикасы экономикасының барлық салаларын келісімді дамыту үшін жағдай жасау мақсатында өнімді бөлу туралы келісімдердің шарттарында мердігерлер мен мемлекеттің өзара іс-әрекеттерінің құқықтық және экономикалық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңды реттеу нысанасы

1. Осы Заң мұнай-газ секторында өнімді бөлу шарттарында келісімдерді жасасқанда , орындағанда және тоқтатқанда Каспий теңізінің қазақстандық секторында және Арал теңізінде мұнай операцияларын жүргізу құқықтарын беруге байланысты қатынастарды реттейді және осындай келісімдердің, сондай-ақ кейін Қазақстан Республикасы мен мердігер арасында өнімді бөлудің негізгі құқықтық шарттарын белгілейді.

2. Мердігердің бірлесіп барлау және өндіру немесе көмірсутегі шикізатын өндіру, өндірілген өнімді бөлу, сондай-ақ оны тасымалдау, өңдеу, сақтау, сату немесе өзгедей иелік ету процесінде қалыптасатын қатынастар осы Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнама актілерімен реттеледі.

2-бап. Өнімді бөлу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы

1. Өнімді бөлу туралы келісімдер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, жер қойнауы

мен жер қойнауын пайдалану, мұнай туралы заңнама актілерінен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдары мен нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер заңдарда осы Заңда көзделгеннен өзге де өнімді бөлу туралы келісімдерді жасасудың, орындаудың және тоқтатудың ережелері белгіленген жағдайда, осы Заңның ережелері қолданылады.

3. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда берілгеннен басқа өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Теңіз блоктары (учаскелер) жер қойнауын пайдалану құқығы берілетін объектілер ретінде

1. Теңіз блоктары (учаскелер) өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарында бірлесіп барлау және өндіру немесе көмірсутегі шикізатын өндіруді жүргізу үшін бірлескен барлауға және өндіруге немесе теңізде өндіруге бұрын жарияланған конкурстар өткізілмеді деп танылған кезде, өнімді бөлу шарттарынан өзгеше Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жер қойнауын пайдаланудың өзге шарттарында берілуі мүмкін. Мұндай теңіз блоктары (учаскелер) Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу шарттарындағы конкурсқа шығарылуға жататын блоктардың (учаскелердің) тізбесіне қосылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларын, халықаралық шарттық және өзге де міндеттемелерін орындау үшін өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарында конкурсқа шығарылуға жататын Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы және Арал теңізіндегі теңіз блоктарының (учаскелердің) тізбесін бекітеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарында арнайы жоғары технологиялық жабдықтарды беруге және пайдалануға, сондай-ақ жоғары технологияларды, жаңа және өңдеу өндірістерін, арналы және өзге де құбырларды, үймеретті және инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді бірлесіп пайдалану жөніндегі ұсыныстарға кепілдік беретін ықтимал мердігерлерге игеруі үшін ұлттық компанияның міндетті үлестік қатысуымен теңіз блоктары (учаскелер) берілуі мүмкін.

Тікелей келіссөздердің негізінде теңіз блоктарын (учаскелерін) алатын ұлттық компания құзыретті органмен келісім бойынша бірлескен барлау және өндіру немесе өндіру жөніндегі жұмыстар келісім-шартының түрін айқындауға құқылы.

2. Теңіздегі блоктардың мөлшерін Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгіленеді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметімен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігінен туындай отырып, сондай-ақ биоресурстарды және қоршаған ортаны

сақтау мақсатында қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша мердігердің қызметі шектелуі немесе тыйым салынуы мүмкін аумақтың учаскелері айқындалуы мүмкін.

4-бап. Келісім тараптары

1. Келісім тараптары :

Қазақстан Республикасы, келісімдерде оның атынан құзыретті орган орындайды; мердігерлер - бірлескен барлау мен өндіруге немесе көмірсутегі шикізатын өндіруге өзінің, заем немесе тартылған қаражатын, жекелеген жағдайларда мүлкін және мүліктік құқықтарын салуды жүзеге асыратын және теңізде мұнай операцияларын орындайтын заңды тұлғалар .

Ұлттық компанияға теңіздегі өнімді бөлу туралы республика жасасатын барлық келісімдерге мердігер ретінде кемінде 50% мөлшерінде қатысу үлесіне құқық беріледі.

2. Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлғаның мәртебесі жоқ заңды тұлғалардың бірлестігі (консорциум) өнімді бөлу туралы келісімдерде тарап ретінде болуы мүмкін. Осы бірлестіктің қатысушыларының ортақ құқықтары болады және өз қызметін бірлескен қызмет туралы консорциум шартының негізінде жүзеге асырады. Консорциумдық келісімнің әрбір қатысушысы мердігердің тарапынан құзыретті органмен өнімді бөлу туралы келісімге қол қояды.

Бірлестіктің (консорциумның) қатысушылары консорциум шартында құпиялы деп танылған ақпаратты жария ету үшін, трансферттік баға белгілеуді қоса алғанда, қатысушы алған кірістерден салықтар мен міндетті төлемдерді уақытында және толық төлеу, сондай-ақ салық есебі мен әкімшілік ету рәсімдерінің сақталуы үшін дербес жауапкершілік туралы ережені көздеуге құқылы.

5-бап. Өнімді бөлу туралы келісім

1. Бірлескен барлау мен өндіруді немесе теңізде көмірсутегі шикізатын өндіруді жүргізуге арналған келісім-шарт өнімді бөлу туралы келісім болып табылады.

Осы келісімге сәйкес Қазақстан Республикасы конкурс шарттарында көрсетілген бірлескен барлау мен өндіруге немесе теңіз блоктарында (учаскелерде) көмірсутегі шикізатын өндіру жөніндегі жұмыстарды орындау құқығын өтеусіз және белгілі бір мерзімге береді. Мердігер өзі жариялаған конкурстық ұсыныстарды сөзсіз орындап, Қазақстан Республикасының заңнамасын, өнімді бөлу туралы келісімде көзделген ережелер мен міндеттемелерді сақтай отырып аталған жұмыстарды өз есебінен және өз тәуекелінде жүзеге асыруға міндеттенеді.

Келісім теңіз блоктарында (учаскелерде) жер қойнауын пайдалануға байланысты барлық қажетті шарттарды, оның ішінде осы Заңның ережелеріне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келісімнің тараптары арасында өндірілген өнімді бөлудің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін өнімді бөлу туралы модельдік келісімнің шарттары мен тәртібін айқындайды .

2. Теңіз блоктарының (учаскелерді) жер қойнауын пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасасылған келісімнің шарттары бойынша белгіленген тәртіппен шектелуі, тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы мүмкін.

6-бап. Өнімді бөлу шарттарында теңіз блоктарының (учаскелердің) жер қойнауын пайдалану мерзімі

1. Өнімді бөлу шарттарында теңіз блоктарында (учаскелерде) жер қойнауын пайдалану құқығы құзыретті органмен өнімді бөлу туралы келісімді жасасып, оны белгіленген тәртіппен міндетті түрде тіркегеннен кейін туындайды.

2. Келісімнің қолданылу мерзімін тараптар келісімді жасасу күніне қолданылатын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілейді, бірақ бірлескен барлау және өндіру бойынша жұмыстар үшін 35 жылдан аспауы, бірегей қорлар болса 40 жылға дейін, ал өндіру бойынша жұмыстар үшін 25 жыл болуы тиіс.

3. Құзыретті орган мердігердің игеріліп жатқан кен орны бойынша өнімді бөлу туралы жаңа келісімді жасасу арқылы көмірсутегіні өндіру жөніндегі қатынастарды ұзарту ниетін қолда бар келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін он екі ай бұрын және мердігердің өзіне алған міндеттемелерін орындауы шартымен ғана қарауға қ а б ы л д а у ы м ү м к і н .

Осындай мердігерге жер қойнауын ұтымды пайдалану және қорғау мақсатында көмірсутегі шикізатын экономикалық тұрғыдан орынды өндіруді аяқтау үшін құзыретті органмен жеткілікті мерзімге өнімді бөлу туралы жаңа келісімді жасасу туралы келіссөздерге конкурстық негізде кірісуіне айрықша құқық беріледі. Қосымша мерзімге өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарын тараптар жаңа келісім бойынша келіссөздер жүргізу кезеңінде қолданылатын Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес белгілейді.

2-тарау. Атқарушы органдардың және өкілетті органның құзыреті

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) өнімді бөлу шарттарында жер қойнауын пайдалануға берілетін теңіз блоктарының (учаскелердің) тізбесін бекітеді және конкурстың түрін айқындайды;

2) теңіз блоктарының (учаскелердің) мөлшерін белгілейді;

3) өнімді бөлу туралы келісімнің негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық, экологиялық, әлеуметтік және өзге де өлшемдерін бекітеді;

4) өнімді бөлу шарттарында теңізде бірлескен барлау және өндіру немесе көмірсутегі шикізатын өндіру құқығын алуға конкурстың бірінші кезеңін өткізу жөніндегі комиссияны құрады;

5) өнімді бөлу шарттарында теңізде бірлескен барлау мен өндірудің немесе

көмірсутегі шикізатын өндіруді жүргізу үшін мердігерді таңдау бойынша екі кезеңдік рәсімдерді ескере отырып конкурсты өткізу ережелерін бекітеді;

6) құзыретті органның өнімді бөлу туралы келісімдерде коммерциялық мемлекеттік мүдделерді білдіру тәртібін бекітеді;

7) өнімді бөлу туралы келісімдердегі құзыретті органды айқындайды;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өнімді бөлу туралы келісімдер саласындағы өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

8-бап. Құзыретті органның функциялары

Құзыретті органның функцияларына:

1) өнімді бөлу шарттарында теңізде бірлескен барлау мен өндіруді немесе көмірсутегі шикізатын өндіруді жүргізу үшін мердігерді таңдау жөніндегі конкурстың бірінші және екінші кезеңдерін өткізуді дайындау және ұйымдастыру;

2) өнімді бөлу шарттарында конкурсқа шығарылатын теңіз блоктарының тізбесін Үкіметтің бекітуіне жыл сайын дайындау және енгізу;

3) өнімді бөлу туралы келісімдердің негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық, экологиялық, әлеуметтік және өзге де өлшемдерін Үкіметтің бекітуіне е н г і з у ;

4) өнімді бөлу туралы келісім саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру кіреді.

9-бап. Облыстық жергілікті атқарушы органдардың құзыреті

Облыстық жергілікті атқарушы органдар өз құзыретінің шегінде:

1) облыс аумағына қатысты өнімді бөлу туралы келісімдер үшін негізгі әлеуметтік-экономикалық өлшемдердің ережелерін дайындауға қатысады;

2) мердігермен өнімді бөлу туралы келісімді дайындаған кезде құзыретті органның тарабында келіссөздерге қатысады;

3) өнімді бөлу туралы келісім саласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

10-бап. Өзге де мемлекеттік органдардың құзыреті

Өзге де мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде:

1) өнімді бөлу шарттарында бірлескен барлау және өндіру немесе өндіру құқықтарын алуға конкурстарды ұйымдастыруға және өткізуге қатысады;

2) өнімді бөлу туралы келісімнің ережелерін белгіленген тәртіппен сараптауды жүзеге асырады ;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мердігерлердің теңіз блоктарындағы қызметін бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

11-бап. Өнімді бөлу туралы келісімдердегі өкілетті орган

1. Мердігер ретінде бірнеше ұйымның қатысуын көздейтін өнімді бөлу туралы келісімдерде құзыретті орган құрылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі әрбір өнімді бөлу туралы келісім бойынша өкілетті органды айқындайды.

2. Өкілетті органның негізгі функциялары Заңда бекітіледі және өнімді бөлу туралы келісімдердің міндетті бөлігі болып табылады.

3. Өкілетті органның негізгі функцияларына:

Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімдерде мемлекеттік мүдделерді білдіру;

бірлескен барлау мен өндіруді немесе көмірсутегі өндіруді жүргізу кезінде мердігердің қызметін коммерциялық бақылауды жүзеге асыру;

белгіленген тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімде көзделетін шарттарға сәйкес өндірілген өнімдегі республиканың үлесін алу;

Үкімет өнімді бөлу туралы келісім бойынша роялти төлеудің заттай нысанын енгізген кезде белгіленген тәртіппен мердігерден немесе оның операторынан роялтиге жататын өнімнің бір бөлігін алу;

мердігердің өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес жүргізілетін операциялар бойынша өнімдердің өзіндік құнының құрамына қосқан шығындар мен шығыстар негізділігін тексеру;

мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асырудан басқа өнімді бөлу туралы келісімдердің шарттарын сақтау мониторингі, оларды реттеу және бақылау;

басқарушы комитет арқылы жобаны корпоративтік басқаруға міндетті қатысу;

келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанда не мердігерге келісім қолданылған кезеңде құны өтемдік өнім есебінен өтелген жабдықтар мен өзге де мүліктің пайдаланудан шығарылуына қарай не басқа да себептермен мердігерден Қазақстан Республикасына берілуге жататын мүлікті қабылдау беруге қатысу;

мемлекеттің агенті ретінде келісімдердің шарттары бойынша республиканың үлестері болып табылатын көмірсутегілердің бір бөлігін, сондай-ақ роялтиді мемлекеттің иелігіне беруге байланысты бұдан арғы операцияларды жүзеге асыру;

белгіленген мерзімдерде тиісті мемлекеттік органға өткен күнтізбелік жылғы өтемдік өнім есебінен өтелетін шығындар жөніндегі есептерді беру жатады.

Өкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасына және өнімді бөлу туралы келісімнің ережелеріне сәйкес өнімді бөлу туралы келісімді орындауға және бұзуға байланысты өзге де мәселелерді шешеді.

4. Өкілетті органның функциялары оның өз еншілес ұйымына өнімді бөлу туралы келісім бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын беру не жобадағы өзінің үлесін сату шартымен ұлттық компанияға, сондай-ақ мемлекеттік органға не Қазақстан Республикасының Үкіметі өнімді бөлу туралы келісім бойынша өкілетті органның құқықтары мен міндеттерінің бір бөлігін немесе барлық құқықтар мен міндеттерді берген Қазақстан Республикасының өзге де заңды тұлғасына жүктелуі мүмкін.

5. Егер ұлттық компанияның жобадағы қатысу үлесі 50 және одан да көп процентті құраса және келісім бойынша жұмыстарды орындаудың операторы ұлттық компанияның еншілес ұйымы болып табылса, өнімді бөлу туралы келісімде өкілетті орган құрылмайды.

3-тарау. Өнімді бөлу шарттарында мұнай операцияларын жүргізу құқықтарын алуға арналған конкурсты өткізудің ерекшеліктері

12-бап. Өнімді бөлу шарттарында жер қойнауын пайдалану құқықтарын алуға арналған конкурстар

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша екікезеңдік рәсімдер арқылы өнімді бөлу шарттарында әрбір теңіз блогы бойынша бірлескен барлау және өндіру немесе өндіру құқығын беруге арналған конкурстар жабық немесе ашық болуы м ү м к і н .

2. Екікезеңдік рәсімдер арқылы конкурс Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін конкурс өткізу ережелеріне сәйкес мердігерді таңдау жөніндегі конкурс өткізу бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын комиссияның өнімді бөлу талаптарында бірлескен барлау мен өндіруді немесе теңізде көмірсутегіні өндіруді жүргізу үшін мердігерді бірінші кезеңде таңдауы мақсатында жүргізіледі.

3. Құзыретті орган келісім-шарттық аумақ бойынша техникалық-экономикалық негіздемені бекітеді, соған сәйкес ол "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Заңның 41-7-бабының 1-тармағында (8) тармақшасынан басқа) аталған тізбеге сәйкес конкурс қатысушылары үшін бірыңғай сандық өлшемдерді әзірлейді және Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізеді.

Аталған өлшемдер ықтимал өнім берушілердің мұнай операцияларын жүргізуге арналған конкурсқа қол жеткізуінің шарты болып табылады және мердігердің жұмыс б а ғ д а р л а м а с ы н а к і р е д і .

4. Үкіметтің кейін бекітуі үшін техникалық-экономикалық есептердің негізінде, сондай-ақ өнімді бөлу туралы келісімдердің негізгі экономикалық, технологиялық, геологиялық, экологиялық, әлеуметтік және өзге де өлшемдерін қамтитын конкурс шарттарын құзыретті орган мүдделі мемлекеттік органдар мен ұлттық компанияның қ а т ы с у ы м е н ә з і р л е й д і .

Бұдан басқа конкурстың шарттарында бірлескен барлау және өндіру немесе көмірсутегі шикізатын өндіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырған кезде қазақстандық үлес, қазақстандық аумақта көмірсутегінің ең төмен көлемін өңдеу үшін міндетті беру, жоғары технологияларды, жаңа және өңдеу өндірістерін, арналы және өзге де құбырларды, құрылыстарды дамыту және инфрақұрылымдық және өзге де объектілерді бірлескен пайдалану бойынша қосымша ұсыныстар көзделуі тиіс.

5. Жоғары технологияларды қамтитын қосымша міндеттемелер жер қойнауын

пайдалану туралы заңнамада белгіленген тәртіппен республиканың мұқтаждары ескеріле отырып қалыптастырылады. Қосымша міндеттемелер конкурс жеңімпазын таңдаудың айқындаушы өлшемі болып табылады.

Өнімді бөлу туралы келісімнің шарттарында жер қойнауын пайдалану құқығын алуға арналған қосымша міндеттемелер бөлігінде мынадай басымдық белгіленеді:

бірінші кезекте - жоғары технологиялар саласындағы ұсыныстар.

Бұл ұсыныстар мына бағыттар мен басымдықтар бойынша ерекшеленеді:

1) мұнай химиясы, мұнай химиясының өнімдерін одан әрі өңдеу жөніндегі ө н д і р і с т е р ;

2) көмірсутегіні барлау және өндіру саласындағы негізгі қызметке қатысты немесе ш е к т е с ө н д і р і с т е р ;

3) жер қойнауын пайдаланушыға берілетін қызмет көрсетулерге қатысты өндірістер ;

екінші кезекте - жаңа және өңдеу өндірістерін, арналы және өзге де құбыр желісінің объектілерін құру және пайдалану бойынша ұсыныстар;

үшінші кезекте - инфрақұрылымдық және өзге де объектілердің құрылысы және оларды бірлесіп пайдалану бойынша ұсыныстар.

6. Жобаға ұлттық компания қатысқан жағдайда конкурстың шарттарында Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен келісім мердігерлерінің арасында оның қатысу үлесі көрсетілуі тиіс.

7. Қатысушылардан келіп түскен осы баптың 5-тармағында аталған қосымша міндеттемелер жөніндегі конкурстық ұсыныстардың мазмұны салыстырмалы түрде тең болған кезінде өнімді бөлу шарттарында бірлесіп барлау мен өндіруді немесе көмірсутегіні өндіруді жүргізу үшін мердігерді таңдау бойынша конкурс өткізу жөніндегі комиссия конкурс қатысушыларының "қысқаша тізімін" (кемінде екеуін) айқындауға құқылы. Конкурстың түпкілікті жеңімпазын айқындау мақсатында конкурстық комиссия "қысқаша тізім" қатысушыларынан конкурстық ұсынысқа қатысты қосымша ұсыныстар немесе түсіндірмелерді сұратуға құқылы. "Қысқаша тізімнің" қатысушылары конкурс комиссия белгілеген мерзімдерде өздерінің конкурстық ұсыныстарын жақсартуға құқылы. Қысқаша тізім қатысушыларының жақсартылған конкурстық ұсыныстарының қорытындылары бойынша конкурстық комиссия конкурс жеңімпазын және ұсынысы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін ең жақсы деп танылған қатысушыны айқындайды.

8. Қорытындыларды шығарған кезде конкурстық комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін және жоғары технологиялар, жаңа құрылыс, арналы құбыр, инфрақұрылым объектілері бойынша бағалаудың және қатысушылардың қосымша міндеттемелерінің өлшемдерін көздейтін өнімді бөлу шарттарында теңіз блоктарын беру ережелерін басшылыққа алады.

9. Белгіленген тәртіппен конкурс жеңімпазы айқындалғаннан кейін екінші кезеңде

өнімді бөлу туралы келісімді әзірлеу бойынша құзыретті орган құратын комиссия онымен бұрын белгіленген бірыңғай өлшемдерді жақсарту мүмкіндігін қоса алғанда өнімді бөлу туралы келісім жобасының негізгі ережелері бойынша келіссөздерді жүзеге асырады. Үкімет белгілеген бірыңғай сандық немесе конкурс жеңімпазы жақсартқан өлшемдер мен қосымша міндеттемелер келісімнің міндетті шарттары болып табылады. Конкурстың міндетті шарттары болып табылмайтын келісімнің барлық қажетті шарттары конкурстың міндетті шарттарына қайшы келмеуі тиіс.

Аталған комиссия конкурстың қорытындылары жарияланған күнінен бастап бір айдан кешіктірілмей белгіленген тәртіппен құрылады. Тараптардың техникалық, экономикалық және заң консультанттары комиссияның жұмысына қатыса алады. Құзыретті органның тарапында консультанттарды тарту бойынша шығыстарды қаржыландыру белгіленген тәртіппен мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

10. Келіссөздердің әрбір кезеңін жүргізу қорытындылары бойынша құзыретті органның комиссиясы мен мердігердің арасында оның нәтижелері туралы хаттамаға қол қойылады.

11. Конкурс жеңімпазы осы Заңмен белгіленген мерзімдерде өнімді бөлу туралы келісімге қол қоюдан бас тартса немесе жалтарса құзыретті органның комиссиясы конкурс жеңімпазының ұсынысынан кейін ұсынысы ең жақсы деп танылған конкурстың қатысушысына келіссөздер бастауды және өнімді бөлу туралы келісім жасасуды ұсынады.

4-тарау. Келісімдерді жасасу және орындау

13-бап. Келісімді жасасу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімді дайындау бойынша құзыретті органның комиссиясы құрылған күнінен бастап бір жылдан кешіктірілмей тараптар келіскен мерзімдерде өткізілетін конкурс жеңімпазымен келісім жасасылады. Тараптар келіскен мерзімдерде келісімге қол қою оның шарттары бойынша тараптардың өкілдері арасындағы келіссөздер аяқталғаннан кейін жүзеге асырылады.

2. Құзыретті орган мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп және конкурс жеңімпазы, егер қосымша міндеттемелер оның мұнай операциялары саласындағы қызметіне байланысты болмаса конкурс жеңімпазы жоғары технологияларға жаңа және өңдеу өндірістеріне, арналы және өзге де құбырлар объектілері мен өзге де объектілерге қатысты қабылдаған қосымша міндеттемелерге сәйкес өнімді бөлу туралы келісімнің міндетті бөлігі болып табылатын қосымша шарт жасасады.

Қосымша келісімде өнімді бөлу туралы келісім бойынша мердігердің коммерциялық табылым туралы мәлімдеуі шартымен оны іске асыру көзделеді.

14-бап. Жұмыстарды орындау шарттары

1. Мердігер келісімде көзделген жұмыстар мен қызметтің түрлерін келісімде белгіленген тәртіппен бекітілген бағдарламаларға, жобаларға, жоспарларға, бюджеттер мен сметаларға сәйкес орындайды.

2. Келісім бойынша жұмыстар қоршаған ортаны қорғау және жүргізіліп жатқан жұмыстардың қоршаған табиғи ортаға зиянды әсерінің алдын алуға бағытталған шараларды жүзеге асыру бойынша және осындай әсердің салдарын жою жөніндегі экологиялық талаптарды қоса алғанда Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары сақтала отырып, қоршаған табиғи ортаға зиянды әсер етуге әкеп соққан апаттар болған жағдайда залалды өтеу жөніндегі жауапкершілікті міндетті сақтандыра отырып, сондай-ақ жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, жер қойнауын, халықтың денсаулығын қорғау бойынша және қазақстандық үлес бойынша белгіленген тәртіппен бекітілген стандарттар (нормалар, ережелер) сақтала отырып орындалады.

3. Мердігер келісім бойынша жұмыстар жүргізілген аумақтарды ластанудан тазалауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ тараптар келіскен тәртіппен Қазақстан Республикасының меншігіне берілетін қондырғылардан, үймереттер мен мүліктен басқа келісім бойынша жұмыстар аяқталғаннан кейін теңіздегі барлық үймереттерді, қондырғыларды және өзге де мүлікті жоюды жүзеге асыруға міндетті.

15-бап. Өнімді бөлу туралы келісім жөніндегі басқарушы комитет

Өнімді бөлу туралы келісім бойынша жұмыстарды орындау жөніндегі қызметті үйлестіру мақсатында тараптар құрамына мердігерлік ұйымдар (мердігер) мен құзыретті орган өкілдерінің тең саны кіретін басқарушы комитет құруды көздеуі тиіс. Комитеттің сандық құрамы, құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ оның жұмысының тәртібі келісімде белгіленеді.

16-бап. Өнімді бөлу туралы келісімнің операторы

1. Келісім бойынша жұмыстардың орындалуын ұйымдастыруды, оның ішінде осы Заңның ережелеріне сәйкес есеп пен есептілікті жүргізуді мердігер немесе мердігердің тапсырмасы бойынша келісімнің операторы жүзеге асырады. Қызметінің нысанасы аталған жұмыстардың ұйымдастырылуымен шектелуі мүмкін осындай оператор ретінде мердігер осы мақсаттар үшін Қазақстан Республикасының аумағында құрған заңды тұлғалар не мердігер осы мақсаттар үшін тартатын қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын заңды тұлғалар болуы мүмкін.

2. Мердігер өзінің іс-қимылдары секілді келісім операторының іс-қимылдары үшін де мемлекет алдында мүліктік жауапкершілікте болады.

3. Оператордың қызметін қаржыландыруды мердігер бекіткен смета шегінде мердігерлер арасындағы бірлескен қызмет туралы келісімде айқындалған шарттарда

ж ү з е г е

а с ы р а д ы .

4. Мердігер оператордың қызметін басқару үшін мердігердің өкілдерінен операциялық комитет құра алады.

17-бап. Мүлікке меншік құқығы

1. Мердігер жаңадан жасаған немесе сатып алған және оның келісім бойынша жұмыстарды орындауға арналған мүлік, егер келісімде өзгеше көзделмесе, мердігердің меншігі болып табылады.

Егер аталған мүлік операторға берілсе немесе оператор мердігердің қаражаты есебінен сатып алса осы ереже өзгермейді.

2. Аталған мүлікке меншік құқығы аталған мүліктің құны толық өтелген күннен бастап немесе келісім тоқтатылған күннен бастап немесе тараптар келісімде көзделген шарттарда және тәртіппен келіскен өзге мерзімнен бастап мердігерден мемлекетке көшуі мүмкін. Бұл ретте келісімнің қолданылу мерзімі ішінде мердігерге келісім бойынша жұмыстарды жүргізу үшін осындай мүлікті өтеусіз негізде пайдаланудың айрықша құқығы беріледі және мердігер өзінің иелігіндегі мүлікті ұстау ауыртпалығында және оның кездейсоқ жойылуы немесе кездейсоқ бүлінуі тәуекелінде болады.

3. Аталған мүлікке меншік құқығы мемлекетке көшкен жағдайда оны республикалық меншікке жатқызу тәртібін, сондай-ақ осы мүлікті одан әрі пайдалану тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

18-бап. Көмірсутегі шикізатын тасымалдау, сақтау және өңдеу

1. Мердігер арналы құбырмен тасымалдау объектілеріне шарттық негізде еркін қол жеткізуге құқылы, сондай-ақ арналы құбырмен тасымалдау және тасымалдаудың өзге де түрлерінің объектілерін, көмірсутегі шикізатын сақтау және өңдеу объектілерін қандай бір болмасын кемсіту талаптарыңыз еркін пайдалануға құқылы.

2. Мердігер келісім бойынша жұмыстарды орындау шеңберінде меншік құқығы осы Заңның ережелері ескеріле отырып келісіммен айқындалатын көмірсутегі шикізатын сақтау, өңдеу және тасымалдау бойынша объектілердің құрылысына құқылы.

19-бап. Келісімді орындау кезіндегі салықтар, алымдар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер

1. Мемлекет пен мердігердің арасындағы өндірілген өнімді бөлу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасасылатын өнімді бөлу туралы келісімдер көзделеді.

2. Өнімді бөлу туралы келісімді орындау кезінде салық міндеттемелерін орындауды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жасасылатын өнімді бөлу туралы келісімдерге сәйкес мердігер жүзеге асырады.

3. Мердігердің өтелетін шығындары және өтелетін шығындардың құрамы Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

4. Салық қызметінің органдары мердігердің салық міндеттемелерін орындауын, сондай-ақ міндетті зейнетақы алымдарының уақытылы ұсталуын және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылуын, міндетті әлеуметтік аударымдардың есептелу толықтығын және уақытында төленуін салықтық бақылауды Қазақстан Республикасының салық заңнамасына және басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес салық қызметі органдары жүзеге асырады.

20-бап. Есеп және есептілік

1. Келісім бойынша жұмыстарды орындаған кезде мердігердің қаржы-шаруашылық есебі әрбір бөлек келісім бойынша, сондай-ақ ол келісімге қатысы жоқ өзге қызметті орындаған кезде осындай есептен бөлек жүзеге асырылады. Осындай есептің тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Келісім бойынша жұмыстарды орындаған кезде бухгалтерлік есеп пен есептілік Қазақстан Республикасының валютасы - теңгеде немесе шетелдік - инвестордың мердігерін таңдаған кезде шетелдік валютада жүргізіледі. Егер бухгалтерлік есеп шетелдік валютада жүргізілсе, мемлекеттік органдарға берілетін есептіліктегі деректер қабылданған шетелдік валютада да, теңгеде де көрсетілуі тиіс. Бұл ретте шетелдік валютада есептелген барлық деректер есептілікті жасау күніне Қазақстан Республикасы бухгалтерлік есеп және қаржы есептілігі туралы заңнамасымен және бухгалтерлік есептің стандарттарымен белгіленген тәртіппен теңгемен есептелуі тиіс.

21-бап. Банк шоттары және валюталық реттеу

Мердігердің немесе оның операторының тек келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін ғана пайдаланылатын Қазақстан Республикасының банктерінде және (немесе) шетелдік банктерде Қазақстан Республикасының валютасында және (немесе) шетелдік валютада банк шоттары болуы тиіс. Келісімді іске асыру шеңберінде валюталық операцияларды жүргізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалады.

22-бап. Келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді беру

1. Мердігер келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін белгіленген тәртіппен кез келген заңды тұлғаға немесе кез келген жеке адамға, егер осы тұлғалардың келісім бойынша жұмыстарды орындау үшін қажетті жеткілікті қаржы және техникалық ресурстары және басқару қызметінің тәжірибесі болса беруге құқылы.

Мердігер заңмен белгіленген тәртіппен үшінші тұлғаға өз құқықтарын толық көлемде берген кезде өнімді бөлу туралы келісім бойынша мердігердің қосымша міндеттемелерін инвестициялау бойынша қосымша шарт жөніндегі барлық міндеттемелер мен құқықтар осы тұлғаға беріледі.

Мердігер заңмен белгіленген тәртіппен үшінші тұлғаға өз құқықтарын ішінара берген кезде беретін және алатын тараптар арасындағы бірлескен қызмет туралы шартпен келісілген өнімді бөлу туралы келісім бойынша және мердігердің қосымша

міндеттемелерін инвестициялау жөніндегі қосымша шарт бойынша құқықтар мен міндеттемелер жаңа тұлғаға беріледі. Бірлескен қызмет туралы шарт өнімді бөлу туралы келісімнің ажырамас бөлігі болады.

2. Келісім бойынша құқықтар мен міндеттерді беру келісімде белгіленген тәртіппен келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын арнайы шартты жасау арқылы жазбаша нысанда жасалады және өнімді бөлу туралы қолданыстағы келісімдерге тиісті өзгерістер енгізумен ілесе жүргізіледі.

3. Құзыретті органның келісімімен мердігер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын сақтай отырып келісімді орындауға байланысты жасасылатын шарттар бойынша өз міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін кепіл ретінде өзіне тиесілі мүлік пен мүліктік құқықтарды пайдалануы мүмкін.

23-бап. Келісім шарттарының тұрақтылығы

1. Келісімнің шарттары бүкіл қолданылуы мерзімінде өз күшін сақтайды. Келісімге өзгерістерге тараптардың өзара келісімі бойынша ғана жол беріледі.

2. Егер келісімнің қолданылу мерзімінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен келісімнің шеңберінде мердігер қызметінің коммерциялық нәтижелерін нашарлататын немесе жақсартатын нормалар белгіленсе, келісімді жасасу сәтінде қолданылған Қазақстан Республикасының заңнамасын қолдану кезінде алынуы мүмкін коммерциялық нәтижелері мердігерге қамтамасыз ететін өзгерістер келісімге енгізіледі.

Мұндай өзгерістерді енгізу тәртібі келісіммен айқындалады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, жер қойнауын, қоршаған табиғи ортаны және халықтың денсаулығын қорғау бойынша стандарттарға (нормаларға, ережелерге), оның ішінде халықаралық қабылданған және жалпы танылғандар секілді стандарттарға (нормаларға, ережелерге) сәйкес келтіру мақсатында өзгерістер енгізілсе, келісімнің шарттарын өзгерту туралы аталған ереже қ о л д а н ы л м а й д ы .

3. Қазақстан Республикасы шарттарға тараптардың келісімі бойынша өзгерістер енгізілген жағдайларынан басқа мердігерлер мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары арасында жасасылған келісім шарттарының тұрақтылығына к е п і л д і к б е р е д і .

О с ы к е п і л д і к т е р :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістерге және (немесе) акцизделетін тауарларды импорттау, өндіру, сату тәртібі мен шарттарын өзгертетін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарының күшіне енуі және (немесе) ө з г е р у і н е ;

2) ұлттық және экологиялық қауіпсіздікті, денсаулық сақтау мен парасаттылықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларға қолданылмайды.

24-бап. Мердігер құқықтарының мемлекеттік кепілдіктері

1. Мердігерге мүліктік және оның келісімге сәйкес сатып алған және жүзеге асырып жатқан өзге де құқықтарының қорғалуына кепілдік беріледі.

2. Тиісті қадағалау органдарының жұмыстарды қауіпсіз жүргізу, жер қойнауын, қоршаған табиғи ортаны және халықтың денсаулығын қорғау мақсатында, сондай-ақ қоғамдық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес беретін ұйғарымдарынан басқа, мердігердің келісімге сәйкес сатып алынған және жүзеге асырып жатқан құқықтарды шектеуді белгілейтін атқарушы билік органдарының, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерінің күші мердігерге қолданылмайды.

25-бап. Мемлекеттің экономикалық мүдделері

Өнімді бөлу туралы келісімді теңіздегі мұнай операцияларына арналған келісім-шарт ретінде қолдану процесінде мемлекеттің мынадай экономикалық мүдделеріне қол жеткізіледі:

1) кен орнының экономикалық құндылығы және пайдалы қазбалар көлемдерінің болжамды есептері ескеріле отырып келісім-шартта айқындалатын қол қойылатын б о н у с т ы а л у ;

2) мердігер үшін өндіруге экономикалық тиімді болып табылатын келісім-шарт аумағындағы әрбір коммерциялық ашылым үшін коммерциялық ашылым бонусын алу;

3) Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін пайдалы қазбалардың әрбір түрі б о й ы н ш а р о я л т и а л у ;

4) табысты өнімдегі Қазақстан Республикасының үлесін алу;

5) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес алынатын белгіленген салықтар мен басқа да міндетті төлемдер алу;

6) мемлекеттің ұлттық компания түрінде жобаға қатысуынан қосымша кірістер алу;

7) республиканың ішінде өңдеу үшін мердігерді көмірсутегінің белгілі бір көлемін б е р у д і қ а м т а м а с ы з е т у ;

8) қазақстандық жұмыс күшін тарту және шетелдік жұмыс күшін пайдалануды ш е к т е у ;

9) мұнай операцияларын жүргізген кезде Қазақстан Республикасының заңнама актілеріне сәйкес келісімде айқындалатын көлемдерде қазақстандық тауарларды, жұмыстар мен қызмет көрсетулерді пайдалану;

10) қазақстандық ұйымдарды жобаның операторы ретінде тарту;

11) Қазақстан Республикасының аумағында жоғары технологияларды, жаңа және өңдеу өндірістерін, арналы және өзге де құбырларды, инфрақұрылымдық және өзге де о б ь е к т і л е р д і е н г і з у ;

12) мердігерден құны толық өтелген мүлікті алу.

26-бап. Келісімнің орындалуын бақылау

1. Келісімнің орындалуын мемлекеттік бақылауды құзыретті орган жүзеге асырады.

2. Өзге мемлекеттік органдар өз құзыретіне сәйкес мердігер қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестілігін бақылайды.

27-бап. Тараптардың келісім бойынша жауапкершілігі

Тараптар келісімнің шарттарына сәйкес келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе лайықсыз орындағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

28-бап. Келісімнің қолданылуын тоқтату

1. Тараптардың келісімі бойынша, сондай-ақ келісімге қол қою күніне қолданылған Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келісімде көзделген басқа да негіздемелер бойынша және тәртіппен келісімнің күші оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін немесе мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін. Тараптардың келісімі бойынша келісімнің күшін тоқтату негізгі келісімдегідей тәртіппен қолданысқа е н г і з і л е д і .

2. Осы Заңның 17 және 20-баптарына сәйкес инвесторға салық салу әдістері туралы ережелері келісімге қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде қолданысқа енгізілмеген келісім осы баптың 1-тармағында көзделген шарттар сақталмай қол қойылған күннен бастап бір жыл өткен соң қолданылуын тоқтатады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздеме бойынша келісімнің қолданысы тоқтатылған теңіз блогы өнімді бөлуге қарағанда өзге шарттарда жер қойнауын пайдалану құқықтарын беруге конкурс өткізіліп, қатысушылардың болмауына байланысты конкурс өткізілмеді деп танылғаннан кейін ғана, сондай-ақ осы Заңның 5 және 13-баптарының ережелері сақталғанда өнімді бөлу шарттарында жер қойнауын пайдалануға берілуі мүмкін.

29-бап. Дауларды шешу

1. Өнімді бөлу шарттарында бірлескен барлау мен өндіруді немесе өндіруді жүргізу жөніндегі қатынастарға Қазақстан Республикасының айрықша құқығы қолданылады.

2. Келісімдерді орындауға, тоқтатуға және қолданылмауына байланысты мемлекет пен мердігер арасындағы даулар келісім шарттарында көзделетін рәсімдерге сәйкес келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

3. Осы баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес дауды шешуге қол жеткізілмеген жағдайда келісімнің кез келген тарабы дауды "Мұнай туралы" Заңда көзделген органдардың қарауына беруге құқылы.

5-тарау. Өтпелі ережелер

30-бап. Осы Заңның қолданылу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының осы Заң күшіне енгізілгенге дейін жасасқан өнімді бөлу туралы келісімдері өз күшін сақтайды.

2. Осы Заң күшіне енгенге дейін барлау үшін келісім-шарттық аумақты алған және келісімнің қолданылу кезеңінде коммерциялық табылым туралы құзыретті органның атына мәлімдеме жасаған мердігерлер құзыретті органмен өнімді бөлу шарттарында және өздерінің қалауы бойынша өзге де шарттарда өндіруге келісімді конкурстық негізде жасасуға құқылы.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК